

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

эффективных стратегий предотвращения и противодействия организованной преступности в японском обществе.

Дальнейшие исследования в этой области могут углубить наше понимание природы и функционирования якудза, а также помочь разработать более эффективные стратегии борьбы с организованной преступностью в Японии и в других странах.

Список использованных источников

1. David E. Caplan, Alec Dubro. *Yakuza: Japan's Criminal Underworld*. – Los Angeles: University of California Press, 2003
2. Peter B.E. Hill. *The Japanese Mafia: Yakuza, Law, and the State*. – Oxford: Oxford University Press, 2003
3. Andrew Rankin. 21st-Century Yakuza: Recent Trends in Organized Crime in Japan [Электронный ресурс] // *The Asia-Pacific Journal: Japan Focus*. 2012.
4. Цветов В.Я. *Мафия по-японски*. – М.: Политиздат, 1985

ӘОЖ 338.22.021.4

ОМАН СҰЛТАНДЫҒЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ

Калменова Жанар Шингызовна

zhanar.klm@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ,

Халықаралық қатынастар факультетінің магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - Б.Ж. Абжаппарова

Мақала Оман Сұлтанлығының басты экономикалық бағыттары мен ерекшеліктерін зерттейді. Оған қоса мақалада экономика саласында биліктің ұстанатын саясатының дамыту тетіктері, елдің экономикалық дәрежесі қарастырылады. Жаңа сұлтан Хайсам бен Тарек стратегиялық мақсаттары мен экономиканы дамыту үшін ұсынған бағдарламалары талданады. Мақала бүкіләлемдік пандемия мемлекет жағдайына әсер етіп, экономиканы одан ары дамытуға қалай серпін бергені мәселесін қозғайды.

Оман Сұлтанлығы - Араб түбегінің оңтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан араб елі. Оның кішігірім аймағы Мусандам жартыаралында, Ормуз бұғазының жағалауында орналасқан. 2023 ж. соңында адам саны 5,1 млн жетті. Халық санының 72% жергілікті халық, қалған 28 пайыз Пәкістан, Иран, Үндістан, Африка елдерінің азаматтары. Ресми тілі-араб тілі, діні - исламның хариджит бағытындағы ибадит ағымы. Халықтың төрттен бір бөлігі индуистер, билік формасы - абсолютті монархия, саяси партиялары жоқ, мемлекет басшысы сұлтан. Астанасы Маскат қаласы.

Оман Сұлтанлығында 2020 жылдан бері жаңа билеушісі - Хайсам бен Тарик әл-Саид екенін атап өту маңызды. Жаңа лауазымына дейін ол Оман Сұлтанлығында Мұра және мәдениет министрі, Оманның 2040 жылға дейінгі экономикалық даму бағдарламасының жетекшісі болды [2,1 б.] .

2020 жылдың 11 қаңтарына дейін мемлекетті Саид бин Сұлтаннның тікелей ұрпағы атақты сұлтан Кабус бен Саид Әл Саид басқарған. Сұлтан 50 жыл бойы билік жүргізді, бірақ ол мұрагерлік жолмен емес, сарай төңкерісі нәтижесінде әкесін тақтан тайдырды. Оман тұрғындарының көбіне Кабус – ол Оман, ал Оман - бұл Кабус. Осындай танымалдылығының себептері бар [4, 3 б.] .

Сұлтан Кабус бен Саид Әл Саидтың арқасында мемлекет өмірін өзгерткен фактілерді айта кеткен жөн: ол елде ауқымды реформалар жүргізіп қана қойған жоқ, ол Оман Имаматы мен Маскат Сұлтанлығын бір мемлекетке біріктірді, мемлекеттің дамуына оң ықпалын тигізген,

халықтың тұрмысын жақсартуға зор үлес қосқан, соғысты тоқтатқан. 20 ғасырдың аяғында, 1996 жылы Оманның бірінші Негізгі Заңы (Конституциясы) қабылданды, содан кейін билеуші экономика мен қоғамды реформалауға кірісті [2,1 б.].

Аса Мәртебелі Оман Сұлтандығының сұлтаны Хайсам бен Тарек 2020 жылдың ақпан айындағы сөзінде «Оман-2040» бағдарламасына сәйкес Оманның экономикалық даму тетіктерін айқындады.

Атап айтқанда, Сұлтан «соңғы бес онжылдықта түбегейлі өзгерістер жүзеге асты, заманауи мемлекет құрылды, елдің әрбір түпкірлерінде дамыған инфрақұрылым салынды» деп атап кетті. Оман дамуының келесі кезеңі де өте маңызды, ол Оман гүлденуіне бағытталады [5,308 б.].

Келесі кезеңдегі Оманның экономикалық дамуының негіздері: Мемлекеттік әкімшілік аппаратты қайта құрылымдау; Мемлекеттік шешімдерді қабылдау механизмдерді жеңілдету; Қарызды азайту, кірістерді көбейту, қаржылық баланс, экономикалық әртараптандыру, ұлттық экономиканың тұрақтылығы сынды мақсаттарды қамтамасыз ету үшін қаржылық кірістерді рационалды түрде бағыттау; Заңнаманы, реттеу құралдары мен мемлекеттік мекемелердің жұмыс бағдарламаларын жаңарту; Адалдық, тиімділік, жауапкершілік сияқты қасиеттер мемлекеттік құрылымдардың жұмыс принциптерін дамыту; Жұмысқа орналасу жайындағы жан-жақты ұлттық бағдарламаны қалыптастыру [5,308 б.].

Оманның орталық банкі 2020 жылы 50 риал номиналды ақша белгісін шығарды, оны Оманның заманауи қайта жаңғыруының 50 -жылдығына арнады және бұл жаңғыртудың негізін салған сұлтан Қабус бен Саид бен Теймур рухына тағзым белгісі болды. Марқұм Сұлтан өткізген мемлекеттің жаңғыру саясаты мен ол тудырған жетістіктер арқасында мемлекет қазіргі кезде әлемдік рейтингтерде алдыңғы орындарды иеленіп отыр [5,320 б.].

Аса Мәртебелі сұлтан Хайсам бен Тарек ерекше экономикалық және еркін аймақтар жайындағы Бас кеңсені құру туралы 2020 ж. № 105/2020 жарлығын шығарды. Ол әл-Дукмадағы ерекше экономикалық аймақты, Салала мұхафазасының әл-Мазьюннің, Сахардағы еркін аймақтарды және болашақта құрылатын кез келген еркін немесе экономикалық аймақты қадағалайтын болады. Кеңсеге аймақтардағы ынталандыру ортасын қалыптастыру мен осы жердегі инвестициялық мүмкіндіктерді нығайту міндеттері жүктелді [5, 330 б.].

Ауыл шаруашылығы мен балық ресурстары. Оман Сұлтандығының үкіметі нарықтағы азық-түлік сұранысын қамтамасыз ету үшін ауыл шаруашылығын дамытуға қадам жасайды. Елде көп өсірілетін жеміс түрі- құрма пальмасы. Оған қоса, банан, манго, папайя, пияз бен картоп, жүгері, бидай, жергілікті тар-дурра және т.б. дақылдар өсіріледі [1,75 б.].

Елде өңдеуге жарайтын жер көлемі аз, 7 пайыз ғана. Ал балық шаруашылығы жақсы дамыған, балық өнімдерін өңдейтін арнайы кәсіпорындар бар. Қолөнер кәсібі, қанжар, қылыш, жергілікті қару- мылтық, тапанша жасау, мата тоқу сияқты салалар экономиканың дәстүрлі салаларына жатады. Үкімет оған субсидиялар ұсынады [1,78 б.].

Ауыл шаруашылығы, мал мен балық шаруашылығы Оманның азық-түлік өнеркәсібінің негізі, әрі азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Оған негізделі отырып, азық өнімдерін импорттаумен байланысты саясат қалыптасады да стратегиялық азық-түлік резервтері құрылады. Сұлтандық 80 ж. басынан бастап интеграцияланған азық-түлік қауіпсіздік жүйесін құруға кірісіп, оның жұмыс құралдарын дамытуын жалғастыруда. Осыған байланысты, 2040 ж. дейін азық өнімдерін өндірудің стратегиялық жоспарлау жүзеге асырылып отыр.

Азық-түлік қауіпсіздігі стратегиясының негіздері: ауылшаруашылығы секторының дамуы мен модернизациялануы; заманауи суару жүйелерін енгізу мен осы мәселеде техникалық қолдау көрсету; зиянкестер мен жәндіктермен күресу жұмыстарын белсендіру; жануарларға екпе салу мен емдеу; инфрақұрылымды дамыту; орталық балық нарықтарын ашу мен Оманның барлық мұхафазаларында сауда нүктелерін ашу; балық шаруашылығы саласында келешегі бар ғылыми зерттеулер өткізу; ауыл шаруашылығының барлық секторларына инвестицияларды тарту т.б. [5,341 б.]

Мұнай-газ саласы. Шығанақтағы араб елдерімен салыстарғанда, Оманда мұнай көздері кештеу, яғни 1962 жылы ғана табылды [1,62 б.]. Мұнай қоры негізінен солтүстік және орталық аймақтарда шоғырланған [1, 63 б.]. Оман Сұлтандығы өзінің мұнай-газ ресурстарын пайдаланудың арқасында соңғы бірнеше он жылдықтар ішінде Шығанақтағы айтарлықтай дамыған елдер қатарына кірді. Алайда, мемлекеттің көршілес елдермен салыстарғанда расталған мұнай қоры үлкен емес. BP Statistical Review of World Energy сарапшыларының бағасына сай, қор көлемі 5,4 млрд баррель, және мамандар ойынша, елдегі қазіргі мұнай өндіру қарқыны сақталған жағдайда, қор 20-25 жылға жетеді. Табиғи газ көлемі де көп емес, бағаларға сай, 0,7 трлн.куб. м. шамасында [3,2 б.].

Сондай-ақ соңғы екі онжылдықта елдің түпкірлеріндегі жер қойнауын барлау қарқынды жүргізілуі Оманға энергетикалық шикізаттың қорын толықтыру мүмкіндігін беріп отырады. Орта мерзімді келешекте Оман мұнай өндіруді ағымдағы деңгейде сақтап қана қоймайды (2019 жылы тәулігіне 970 мың баррель), сонымен қатар оның ресурстық әлеуетін арттыруға сенім артады. Осы мақсат үшін Сұлтанаттың негізгі өндірушісі, Petroleum Development Oman (PDO) соңғы технологияларды қолдануға негізделген үш ірі жобаны жүзеге асыруда, атап айтқанда, EOR (enhanced oil recovery) технологиялары. Сұлтандық Мұнай экспорттаушы елдер ұйымына (ОПЕК) және Мұнай экспорттаушы араб елдері ұйымына кірмейді, бірақ осы ұйымдардың шешіміне сай ынтымақтасып жұмыс жасайды [3,3 б.].

Оман 2014–2015 жж. әлемдік мұнай бағаларының дағдарысын толық сезді. 2015 ж. бірінші жартысында Оманның мұнай-газ секторының жалпы ішкі өнімге әкелетін кірісі 2014 жылдың осындай кезеңімен салыстарғанда 38,2% немесе 7.5 млрд. долларға азайды. Осының салдарынан бюджет кірісі азайды, экономикалық өсу тежелді.

Экономикалық және қаржылық мәселелер мұнай-газ кірістерінен тәуелділікті азайту мақсатында экономиканы әртараптандыру үшін күш-жігерді белсендіру мұқтаждығын тудырды. Қойылған мақсатқа жету үшін Оман Сұлтандығының үкіметі 2016 ж. соңында Экономикалық диверсификацияның ұлттық бағдарламасын (The National Program for Enhancing Economic Diversification) мақұлдады және «Vision 2020» атауына ие болған Оманның экономикалық даму стратегиясын құрды. Экономиканы әртараптандыру бағдарламасы елдің ұлттық экономикасының бес бағытын дамытуды көздеді: өңдеу өнеркәсібі, туризм, табиғи газ өндіру, ауыл шаруашылығы және балық шаруашылығы. Осы салаларға инвестицияларды тарту Сұлтандық аумағындағы арнайы экономикалық аймақтарды құру арқылы көзделді. Осы аймақтардың бірі - Сезад Дукм аймағында қарастырылып жатқан кезеңде жұмыс істей бастады [3,4 б.].

Оман экономикасы COVID-19 пандемиясынан қатты зардап шекті. Мәселен, 2020 жылы мемлекеттің жалпы ішкі өнімі 6,4% азайды. Туризм, құрылыс, қонақ үйлер бизнесі, бөлшек пен көтерме сауда салалары да қиындық көрді. Әлеуметтік жағын айтатын болсақ, жұмыссыздық 5 пайызға өсті, осы көрсеткіш соңғы 30 жыл ішіндегі ең жоғыры көрсеткіш еді [3,5 б.].

Пандемия кезінде макроэкономикалық және қаржылық жағдайдың нашарлануы экономиканы әртараптандыру үшін жұмысты жалғастыру керектігін анық көрсетті. Әрі елдің мұнайдан тәуелділігін азайту үшін құрылымдық реформаларды өткізу маңыздылығы ашылды. Осы аса маңызды міндетті атқару үшін «Vision Oman 2040» бағдарламасы рәсімделді. Бұл бағдарламада заманауи технологиялар, білімдер, инновациялар негізінде экономикалық әртараптандырудың сенімді базасының құрылуы жоспарланды [3,7 б.].

Бағдарлама білім беру жүйесін модернизациялау үшін қажетті жағдайларды жасау, ғылыми зерттеулер мен инновацияларды қолдау, денсаулық сақтау саласын дамыту сияқты мақсаттарды алдына қойды. Оманның даму бағдарламасы технологиялар, білім мен инновациялар негізінде экономикалық диверсификацияның мықты базасын құру жоспарланды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Батырша-ұлы С., Сайлауқызы С., «Оман Сұлтандығы». Астана 2015. Б.62- 63, 75-

78.

2. Бейт Навира Омейма Абдулла Майан «Особенности развития национальной экономики Султаната Оман», <https://cyberleninka.ru/article/n/osobennosti-razvitiya-natsionalnoy-ekonomiki-sultanata-oman> . С 1. (Есепке алынған күн: 23.03.2024)

3. Людмила Николаевна Руденко, «Оман: состояние и перспективы экономики и внешнеэкономических связей» <https://cyberleninka.ru/article/n/oman-sostoyanie-i-perspektivy-ekonomiki-i-vneshneekonomicheskikh-svyazey/viewer>. С 3-7. (Есепке алынған күн: 24.03.2024)

4. Yoel Gozanky and Efraim Halevy «Oman: The end of the Qaboos era», INSS Insight #1246, January 13,2020. P 3.

5. وزارة الإعلام - عمان 2020

6.)«Оман 2020» - Оман Сұлтандығының ақпарат министрлігі(. Б 308,320,330,341

УДК 327

ОТНОШЕНИЕ СЕВЕРНОЙ КОРЕИ И КИТАЯ: ИСТОРИЧЕСКИЙ ВЗГЛЯД

Кайратова Камиля Кайратовна

kamilya010600@mail.ru

магистрант факультета международных отношений,

ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – Т.З. Кайыркен

Северная Корея, как многие знают, одна из самых изолированных стран мира, на которую наложены санкции ООН, а из-за ее специфического режима и постоянных угроз применения ядерного оружия, страну остерегаются практически все страны мира. Несмотря на такое положение дел, у Северной Кореи есть один крайне влиятельный союзник – Китай. Именно Китай является главным торговым партнером КНДР и поддерживает страну на международной арене. Зачем вообще Китаю поддерживать столь неоднозначный режим Северной Кореи?

Для начала стоит сказать пару слов о китайско-корейских отношениях в исторической перспективе. Китайско-корейские отношения были установлены после провозглашения коммунистами Китайской Народной Республики в 1949 году, во главе с Мао Цзэдуном. Так, коммунистические режимы в то время имели общие интересы по построению социализма и объединялись для борьбы с капиталистическими странами. Северную Корею также поддержал естественно и Советский Союз [1].

Китай сыграл важнейшую роль в истории Северной Кореи во времена Корейской войны (1950-1953 гг.). В 1950 году разгорелась война между Северной и Южной частью Корейского полуострова за владение на территории. Война была развязана северокорейцами, которые уже в 1950-м году едва не одержали победу, захватив практически все земли Южной Кореи. Однако благодаря усилиям американцев и формированию армии Объединенных Наций атаку удалось отбить и началось контрнаступление. В ходе этого наступления ситуация оказалась прямо противоположной, ведь Северная Корея оказалась на грани гибели. Однако на помощь подоспел Китай, благодаря которому и удалось отбить международные войска, а также установить границу между КНДР и Южной Кореей, которая существует по сей день. В этой войне участвовало до 3-х миллионов китайских солдат, то есть они составляли львиную долю всех сил по защите Северной Кореи [2]. Таким образом, современная Северная Корея фактически обязана своему существованию Китаю и Председателю Мао.

Отношения во времена Холодной войны были довольно близкими между странами. В 1961 году Китай подписывает Договор о сотрудничестве и дружбе, по которому Китай поставлял военную и материальную помощь Корее. Интересно, что во время советско-китайского раскола